

Ел құрметіне бөленген атам

Ұлы Отан соғысы жылдарында кеудесін фашистің оғына тосқан жауынгерлердің бірі – менің атам Жылқайдар Бейсенбаев. Мен атамды көрмесем де, өмірбаянына қанықпын.

Атам 1922 жылы Павлодар облысы Куйбышев ауданы Новотроицк ауылында дүниеге келіпті. Әскер қатарына 1940 жылы Куйбышев әскери комиссариатынан шақырылды деседі үлкендер. Бастапқыда 127-ші атқыштар полкінде болып, келесі жылдың шілде айынан 1942 жылдың желтоқсанына дейін 140-ші танк-атқыштар дивизиясында соғысады.

1942 жылдың желтоқсанынан 1944 жылдың мамыр айына дейін 105-ші полкте тылда бөлім командирінің көмекшісі, 1944 жылдың мамырынан 1947

жылдың тамызына дейін 88-ші рота құрамында шекарашылар отрядында бөлім командирінің көмекшісі болады.

Атам соғыс біткен соң іле елге қайтпаса керек. Тек 1946 жылдың наурызында Жарлықпен әскер қатарынан босатылыпты.

«Жеңіске қосқан үлесі үшін», «Германияны жеңгені үшін» және «Ленинградты қорғағаны үшін» марапаттары - атамның жауынгерлік жолынан қалған бір белгі.

Соғыстан кейін атам 1947 жылы Новотроицк совхозының 4-бөлімшесінде есепші болып жұмысқа орналасады. Ахметбек Зекен апаммен отбасын құрып, 7 бала сүйді.

Бұл дүниеден татар дәмі 1960 жылы таусылыпты. Туыс-



туғанына сыйлы болып, үлгі өнеге көрсете білді.

Атамыздың жасаған ерлігі артында қалған ұрпақтарының санасында мөңгі қалады.

**Жиені
Маржан Тұрсынбайқызы**